ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ленгер қаласы **14.07.2023ж**

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауды жүргізу ШЖҚ «Ленгерқалалық емхана» басшысының міндетін уақытша атқарушы Ғ.К.Қабылбековтың2023 жылғы 12маусымдағы №90-н/қ бұйрығына сәйкес,ШЖҚ «Ленгер қалалық емхана» басшысы Ж.С.Нышанов; ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның бас дәрігерінің орынбасары- Ғ.Қабылбеков; ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның аймақтар бөлімінің меңгерушісі М.С.Кенжебаева; ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның мамандар бөлімінің инспекторы- А.Ө.Досболова; ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның заңгері – А.О.Сүттібаев жүргізді.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның кызметіне жене оган байланысты нормативті-кукыктык актілерге тисті мына кызмет талданды:

Шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-VЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы.

Сыбайлас жемқорлықтәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

1) ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;

2) Персоналды баскару, сонын ішінде кадрлардың ауысуы;

3) Мүдделер қақтығысын реттеу;

5) Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:2023 жылдың 30 маусым -17 шілде айы аралары.

Ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2023 жылдыңмаусым - 2023 жылдың шілде аралығы.

1. ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ныңқызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пеннормаларды анықтау:

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның штат саны 390 болып бекітілген. Қазіргі таңда 390 қызметші қызмет атқарады. Нақты айтқанда 77 дәрігер, 238–орта буын, 26 – кіші буын, 46- басқалар жумыс жасайды.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2021 жылы – 60 адам қабылданды;

2022 жылы 56 адам қабылданған;

2023 жылы 6 айында 42 адам қабылданған.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (*оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер)* адал, әділ және ашық негізде **https://www.enbek.kz/ru** порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады;

Жумысшы топ ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқада қатынастары бар немесе жоғы бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер менсыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Ленгір қалалық емхана басшысы мен орынбасарлары азаматтарды жеке маселелермен қабылдау кундерінің кестесі бекітілген және сол кестеге сәйкес кабылдау жургізілуде.

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның гимаратында «Азаматтардың арыз-шағмдарын қалдыруға арналған жәшік» орнатылған.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Ленгір қалалық емханасында мүдделер қақтығысы орын алмаган.

2023 жылдың алты айының қорытындысымен емхана тарапынан 12 азаматтың арыз-шағымдары мен жолданымдары қаралған.

Мемлекеттік сатып алуларҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы».Заннамасына сәйкес жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері байқалмады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасын негізге алып оқу семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүнкіншілік болмай отыр.

Себебі:«Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңында 41 баптың 1-тармағына сәйкес, осы Заңның 39-бабының3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады делінген. Сол себепті сатып алу өткізуге тура келеді, алайда сатып рәсімдері ұзақ уақыт алып қаржы уақытылы игерілмеу қауіпі бар.

Атап айтсақ баға ұсыныстары арқылы сатып алу өткізген жағдайда;

- Хабарландыру 5 жұмыс күн порталда тұрады;
- Қорытынды шыққаннан кейін келісім шарт өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 5 күн ішінде келісім береді;
- Келісім шартқа қол қойып өнім берушіге жіберіледі;
- Өнім беруші 3 жұмыс күні ішінде қол қояды.

Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін 3 % төлеуге берілетін уақыт 10 жұмыс күн, ол кезде 3 % құймаса тағы 2 жұмыс күн уақыт беріледі. Өнім беруші 3 % төлемесе екінші өнім берушіге жіберіледі келісім шарт ол жақтада осындай уақыт алады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының41-бабының 4-тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының41-бабының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген заң талаптарын негізге алып сатып алуға мүмкіншілік болмаған жағдайда, бір көзден келісім шартқа тұруға ықпал жасалыну қажет.

4. Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша:

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

-Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек және (немесе)стационарды алмастыратын көмек
- Пульмонология
- Аллергология (иммунология)
- Нефрология
- Ревматология
- Гастроэнтерология
- Урология
- Медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу
- Физиотерапия
- Массаж
- емдік дене шынықтыру
- Офтальмология
- Гематология
- Оториноларингология
- Акушерлік және гинекология
- Педиатрия
- Жалпы дәрігерлік тәжірибе
- Жалпы хирургия
- Колопроктология
- Абдоминалдық
- Торакалдық
- Дерматовенерология (дерматокосметология)
- Невропатология
- Кардиология
- Стоматология
- Терапия
- Онкология
- Ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарды

алмастыратын көмек
- Нейрохирургия

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

- Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек
- Консультациялық диагностикалық көмек
- Жалпы хирургия
- Колопроктология
- Торакалдық
- Травматология және ортопедия

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

- Ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек
- Алғашқы медициналық-санитариялық көмек
- Білікті көмек
- Дәрігерге дейінгі
- Консультациялық диагностикалық көмек
- Дерматовенерология (дерматокосметология)
- Психиатрия
- Наркология
- терапия

5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясындаШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-сы толығымен компьютерлік техникамен қамтамтылды.

Интернетке кіру мүмкіндіктері **100%** құрайды,Ленгір қалалық емханасы«Дамумед» және жедел медициналық жәрдем станциясы «Көмек» ақпараттық жүйелерімен жұмыс жасауда. «Дамумед» және «Көмек» МАЖ арасында және науқастарға сапалы әрі жедел медициналық қызмет көрсету мақсатында интеграциялау жұмыстары жүргізілген.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге **100%** оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, қала тұрғындары түгелімен электронды паспорты қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылды. Ленгір қалалық емханасы ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілді. Емханада науқастарға цифрлық көмек көрсету посттары және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орнатылып, электронды түрде қызметтер алуда.

Қағазсыз құжат айналымы: ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-сы ішінара қағазсыз құжат айналымына көшірілді. Қағаз жүктемесі кезең

кезеңімен электрондық жүйеге ауыстырылып келеді. *(электрондық нұсқаға ауыстырылған - Көлік құралдарын басқаруға рұқсат беру туралы медициналық анықтама, - алдын ала медициналық тексерілуден өту, еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, еңбекке жарамсыздығы туралы парағы және т.б.)*

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1. Кәсіпорынның ТОО "Корпорация инновационного развития" мен түзген № 090940018744/230014/00 2023-02-16 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 560 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының41-бап, 39-бабының 3-тармағында***(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы* Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6)** тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі:

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

2. Кәсіпорынның ТОО "Многопрофильный институт" мен түзген № 090940018744/220123/00 2022-09-28 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 70 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның **1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында** *(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі:

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

3.Кәсіпорынның ТОО "MEDsmart" мен түзген № 090940018744/220120/00 2022-09-05 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 200 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақша егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, Алайда Ұйымдастырушы қыркүйек айында шарт жасаған.

Шешу мәселесі:

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

4.Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan" мен түзген № 090940018744/220119/00 2022-09-09 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 160 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Шешу мәселесі:

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

Ұсыныс:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасын негізге алып оқу семинарларды бір көзден келісім шартқа отыруға мүмкіншілік беру жолдары;
2. Тәуелсіз мейірбике тәжірибесін жүргізу.
3. Қоғамдық мониторингті және тұрғындармен кері байланысты ақпараттандыру механизмін енгізу.(МИОМОС)
4. Персоналды басқарушыларды үздіксіз оқыту бойынша оқу орталығы тьюторлар мен жаттықтырушыларды өзін-өзі оқытуды ұйымдастыру.

5. Шұғыл көмек беру бөлмесі және оқу жаттығу жүргізетін жеке дәрігер маман мен керекті құрал-жабдықтармен муляждар қамту.
6. Қолданбалы бакалавр аймақтық мейіргерлер жеке қабылдау жүргізу.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

ШЖҚ «Ленгер қалалық емхана» басшысы **Ж.С.Нышанов**

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның бас дәрігерінің орынбасары **Ғ.Қабылбеков**

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның аймақтар бөлімінің меңгерушісі **М.С.Кенжебаева**

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның мамандар бөлімінің инспекторы **А.Ө.Досболова**

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның заңгері **А.О.Сүттібаев**